



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

При работе с компьютерными технологиями меняется и роль педагога, основная задача которого - поддерживать и направлять развитие личности учащихся, их творческий поиск. Отношения с учениками строятся на принципах сотрудничества и совместного творчества. В этих условиях неизбежен пересмотр сложившихся сегодня организационных форм учебной работы: увеличение самостоятельной индивидуальной и групповой работы учащихся, отход от традиционного урока с преобладанием объяснительно-иллюстративного метода обучения, увеличение объема практических и творческих работ поискового и исследовательского характера. В данном виде сотрудничества Интернета и урока часто используется проектная форма учебной деятельности. Проект предполагает самостоятельную исследовательскую работу школьников, в процессе которой ребята ищут способ решения некоторой комплексной многоуровневой задачи.

Список использованной литературы:

1. Полат Е.С. Метод проектов на уроках иностранного языка// ИЯШ № 2, 3 2000 г.
2. Пассов Е.И. Коммуникативный метод обучения иностранному говорению. - М.: Просвещение, 1991.
3. Полат Е.С. Обучение в сотрудничестве// ИЯШ №1 2000г.
4. Мильруд Р.П. Сотрудничество на уроке иностранного языка, // ИЯШ.-1991. - №6.
5. Богданова Д.А. Телекоммуникации - в школе. // Информатика и образование. - 1997. - №2.
6. Вильямс Р., Макли К. Компьютеры в школе. - М.: Просвещение, 1988.

УДК 347.254

ШЕТЕЛ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨЗДІК ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

Абылқасым Инжу

Injuka.96@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультетінің 4 курс студенті,
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Омарханова Н.О.

Егеменді еліміздің білім бері жүйесін нәтижеге бағытталған білім үлгісін жасауға қамтамасыз етуі және оны халықаралық білім бері кеңістігіне интеграциялау үрдісі жеке тұлғаның белсенділігінің артуы, өздігінше білім алу қажеттігін түсінуі, оны өмір тәжірибесінде қолдана білу құрал ретінде оқушылардың өздік жұмысының маңызы артып отыр.

Белгілі ғалымдар Я.А.Коменский, Ж.Ж. Руссо, И.Г. Пестолоцци, А. Дистерверг, И. Гербарт, К.Д. Ушинский, Ы. Алтынсарин және тағы басқалар өз зерттеулерінде білім беру мен тәрбиенің маңыздылығын, шәкірттің ой-өрісінің дамуындағы өздік жұмыстардың алатын орны, алдыңғы жинақтаған тәжірибені меңгеру қажеттігіне аса көңіл бөледі.

Белгілі чех педагог-ғалымы Я.А. Коменский өмірге пайдалы, іске қажетті білімдері оқытуды талап етті. Адам болу үшін ол білім алуға тиіс, жастарға тәрбие мен білім берудің қажеттілігін негіздеді. Ғалымның еңбектерінде оқушыларға « балаларды білімді саналы түрде меңгертуді үйрету » қажеттігін баса айтты. Әрбір оқушы өзі оқып, меңгеріп, оны өзі жаттығуларда, тәжірибелерде, әңгімелерде пайдаланып көруіне баса назар аударды [1].

Педагог оқыту үрдісін – таным жолы, яғни барлығына ортақ бір тамырдан, түрлі білімдердің үнемі дами түсуі, жаңа білім оқушылардың бұдан бұрын санасында бар, білім қорының біртіндеп ұлғая түсуі,- деп түсіндірді.[1, с. 358]. Оқыту мазмұнында өмір, еңбек және тәжірибені кеңінен пайдаланып, өзін-өзі әрқашан жетілдіру туралы ойлары бүгінгі таңда білім мазмұнының тұжырымдамаларында жүзеге асқан идеялардың бірі. Оқыту

процесінде оқушылардың білімдері бір сатыдан келесі бір сатыларға жеміс ағашы сияқты, тамырын кең жайып, үнемі кеңейіп, тереңдей түсіп, өзінің жемісін беру қажет деп санайды: « сатылы рет тәртібі, бастапқы біріншіден бастап орта арқылы жоғарыға, яғни қарапайымнан күрделіге, жекеден бейнелер арқылы және текке дейін, бөліктен бөлік арқылы тұтастыққа қарай » [1, б. 373].

И.Г. Песталоццидің пікірі бойынша, білім беру теориясының негізі болып, балаларды тәрбиелеуді жай қапайым элементтерден бастап, біртіндеп, бірізділікпен күрделіге қарай бет бұру қажет. Оның тұжырымдауынша білім мазмұны оқушылардың жас және өзіндік ерекшеліктеріне байланысты біртіндеп күрделене түсуі қажет. Оқыту оқушыларға, біріншіден, білім береді, екіншіден ойлау қабілетін дамытады.

И.Г. Песталоцци оқушының өздігінше білім алуы, оның дамуына жағдай жасайтынын негіздеді [2].

Ағылшын ағартушысы Д. Локк еңбектерінде « оқытудың мақсаты – білім, ал білімнің мақсаты тәжірибе немесе басқаларға білім беру », -деп жазды. Оқушыға берілетін білім оның практикалық істерін дұрыс құра білуге, айнала қоршаған ортадан дұрыс бағыт алуға, дұрыс жол табу мақсатын көздейді деп пайымдаған. Педагогтың оқытудағы негізгі мақсаттарының бірі – өзіндік ойлау дағдыларына үйрету керектігі туралы ойлары бүгінгі таңда өзекті деп ойлаймыз.

А. Дистервергтің « Неміс мұғалімдерінің білімін жетілдіру » және басқа еңбектерінде дамыта оқытуға сипаттама беріп, алдыңғы өтілген материалды келесімен байланыстыру, баланың жас ерекшелігі мен пәннің мазмұнын ескеру « оқытудың жалпы міндеттерін, өздігінен жұмысты жеке пәннің мазмұнын толық білу қажет » - деп тұжырымдайды [3].

Жан- Жак Руссо оқу пәндерін іріктеп баланың өзіндік әрекетін, зейінділігін, байқампаздығын дамыту мақсатын, педагогикалық теорияны оқудың қызықты да белсенді әдістерімен ұштастыруды көздеді. Ж.Ж. Руссо баланың өздігінше танып-білу қабілетін дамыту арқылы, өз еркімен оқуға ынталандыруды тиімді әдіс деп бағалады. Шәкірттерді нағыз ойшыл адам етіп тәрбиелеу үшін берілетін білімнің белгілі ретпен дұрыс және нақты, анық беріліп, бұрынғы дағды машықтарды дамытуға бағдарлау қажеттілігі туралы тұжырым жасады [4].

Орыстың ұлы педагогі К.Д. Ушинский халық мектебіндегі міндеті : «балалардың ақыл-ой қабілетін дамыту, айналасын қоршаған табиғат пен қоғамдық қатынастарға олардың табиғи түрде дұрыс көзқарастарын қалыптастыру, олардың өздігінше құратын өмірі мен әрекетке қабілетін дұрыс өсіру», -дейді. [5, 224 б.] Ұстаздар әр баланың жеке басын дамыту, оның білімін тереңдетіп, санасын өсіру қажет, әрбәр жыл сайын жинақталған көзқарастың тереңдетілуі, кеңеюі, толықтырылуы қажет, -деп жазды [5, 273].

К.Д. Ушинский оқушылардың өздік жұмыс істеуінің мәні туралы : « балалардың жан дүниесі бәрінен де өздігінше әрекет етуге ұмтылды», - деп атап көрсетті. Ғалым сабақ барысында оқушыларға дербес жұмыс істеуге мүмкіндік беретін материалдар арқылы оларды өздігінше ізденуге үйрету шығармашылық пен еңбек етуіне жағдай жасауға мүмкіндік беретінін дәлелдеді.

Жоғарыда аталған ағартушы педагогтардың білім беру мен тәрбиелеу, оқытудың мазмұны мен құрлымы, принциптері, өздік жұмысты ұйымдастыру идеяларын елімізде Ы.Алтынсарин қазақ мектептеріндегі білім беру оқыту процесін жана пікірлермен толықтырып өзіндік ізденумен алға дамытты [3]. Оқушылардың пәннің мазмұнын терең түсінуге, айтып отырған ойды ұғынуы, оқығандарын ауызша айтып беру, айтқанын жазба түрінде баяндауы, оған дағдылануы, шәкіртті өздігінен ізденуге үйретуі, ойын түсінікті дәлелдеу, тапсырманы тиянақты орындату, оқығанды көңілге ықыласпен тоқу және баланың өзіндік пікірі болуына мән берді. Ш.уәлиханов бәләм мазмұнын – халыққа, имандылыққа негіздеу, ақыл-ой білімін тереңдету, өздігінен іздену қажеттілігі жөніндегі ұсынған ойлары бүгінгі күні де көкейкесті мәселе болып табылады.

Өз бетімен жұмысты ұйымдастыру мәселелеріне отандық және шет елдік белгілі ғалымдар ат салысты : Л.С Выготский, М.М. Потаешник, М.В. Кларин, Б.П. Есипов, М.А.

Данилов, М.Н.Скаткин, П.И.Пидкасистый, Т.И. Шамова, Н.Г. Дайри, Л.Н. Алексашкина, М.И. Махмутова, И.Я. Лернер, Т.С. Сабыров, Р.Ә. Әлімұһқұлова, Б.Е. Қожамқұлов, Б.Қ. Әбдіғұлова, А.Е. Абылқасымов, Ж.А. Қараев т.б. еңбектерін арнаған. Олар өздігінше жұмыстың мәнін, ұйымдастыру жолдарын зерттеп құнды пікірлер айтқан.

Алайда, қазірге дейін педагогикалық, әдістемелік еңбектерде өздік жұмысы туралы қабылданған пікірлер жоқ. Бәр ғалымдар оқыту әдісі, екіншілері- оқыту тәсілі, үшіншілері – оқушылар қызметін ұйымдастыру формасы, төртіншілері- дербес танымдық іс-әрекетті ұйымдастыру мен басқарудың құралы, бесіншілері, өздік жұмысты – оқушылар орындайтын тапсырмалар сипаттамамен байланыстырады.

Педагогикалық әдебиеттерде өздігінше жұмысқа түрлі анықтама берілген :

«мұғалімнің бақылауымен, оқушының ешкімнің көмегінсіз тапсырманы орындауы» (Р.М.Микельсон) ;

«оқушы қызметінің барынша белсенділігінің, шығармашылығының, ынталығының сипаты» (Л.М. Пименов, Н.Д. Левитов, т.б.) ;

« өздік жұмыс адамың өз бетімен , ешкімнің көмегінсіз орындауы» (В.П. Беспалько);

« мұғалімнің тікелей қатысуынсыз орындалатын тапсырма, сондай- ақ сапалы түрде қойылған тапсырманың мақсатына жету үшін оқушының тырысуы » (Б.П. Есипов) ;

« Өзіндік жұмыс оқытуды ұйымдастыру түрі де, әдіс-тәсілі де емес, алдын-ала берілген бағдарлама немесе нұсқау арқылы оқытушының қатысуымен орындалатын танымдық әрекет. » (Г.П. Семенов) ;

а) оқушы өзі, ешкімнің көмегінсіз жүргізеді ;

ә) ол шынымен өзінің біліміне , біліктілігіне, сенімділігіне, тәжірибесіне, көзқарасына сүйенеді, ол оларды шынымен, бір сұрақтарды қарастырғанда пайдаланылады, оны ол өздігінше, өзіндік аргументациясын келтіріп, ынтасын, шығармашылық бастамасын көрсете отырып пайдаланады ;

б) «білімділік, тәжірибелік, логикалық жұмыс мазмұны – маңызды, толыққанды болып табылады, сондықтан ол оқушының білімін байытады, мидың- ойдың деңгейін күшейтеді және оны дамытады », - деп атап көрсетеді. (Н.Г. Дайри)

Л.Н. Алексашкина өздік жұмысты, « оқушының жемісті, нәтижелі жұмысы, оның нәтижесінде ол белгілі мәліметті қайта құрайды, жасайды, жаңа білім алады, шығармашылық міндеттерді шешеді. Оған дайын білімді жай қабылдау және қайта айтып шығу жатпайды » деген пәкәр білдірді.

Б.Қ. Әбдіқұлова « оқушылардың өздік жұмысы дегеніміз- олардың өздігінен жинақтаған білім, біліктері мен дағдыларын, әрекеттерін күнделікті өмір тәжірибелерінде іске асыра білуі, дұрыс шешімге келулері. Өткеніміз бен бүгін болған оқиғаларға объективті баға беруі, жаңа білімді өздігінше меңгеру қабілеттілігінің артуы, алдына қойған мақсатына жету үшін оқушылардың шығармашылығы, белсенділігі саналады » - деп тұжырымдайды.

Қорыта айтқанда, өздігінше жұмысты іске асыру үшін мұғалім мен оқушының өзара белсенді байланысының, мұғалімнің басқарушы рөлінің арқасында жетуі мүмкін. Оқушылардың өздігінен істейтін жұмысын жүйелі жүргізуде таным әдісін меңгеру қажет. Өздігінше жұмыстың маңызды міндеттерінің бірі- оқушыда жеке тұлға ретінде шығармашылық танымдық қызметін қалыптастыруы болып табылады.

Білім беру жағдайында білім алушылардың өздігінен орындайтын жұмыстарын ұйымдастырудың әдістемелік негіздері проблемасын зерттеу төмендегідей қорытындылар жасауға мүмкіндік берді:

Бүгінгі қоғамның әлеуметтік-саяси, экономикалық және рухани дамуы болашақ мамандардың білім сапасын түпкілікті өзгертіп жақсартуды талап етеді. Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінде әлемдік білім кеңістігіне кіру үшін іргелі реформалардың бірі ретінде республиканың жоғары оқу орындарында білім берудің еуропалық жүйесіне көшудің алғашқы қадамдары жасалынды.

Зерттеу тақырыбына байланысты ғылыми еңбектерге оқу-әдістемелік әдебиеттерге жасалған талдаулар «өзіндік жұмыс» ұғымының мәні мен мазмұнын анықтауға септігін

тигізіп, өздігінен орындалатын жұмыстарды ұйымдастырудың теориялық негіздерін айқындайды. ӨЖ дидактикалық категория ретіндегі оқу мен ғылыми танымның әдістерін қамтып, оқу үдерісінде білім алушының өзіндік танымдық жұмыстарын ұйымдастырудың арнайы педагогикалық құралы ретінде көрінетіндігі белгіленді. Білім алушылардың өздігінен орындайтын жұмыстарының педагогикалық және әдістемелік жүйесі оқу іс-әрекетінде арнайы ұйымдастыру білім беру үдерісін жетілдірудің негізгі шарты болып табылады. Жалпы алғанда, өзіндік жұмыс – біртұтас педагогикалық үдерістің, білім беру негізі екендігі анықталды. Ол бір жағынан білім алушылардың дәрісханадан тыс жұмысы ретінде, басқа жағынан – сабақ кестесі бойынша білім алушының дәрісханада жүзеге асыратын жүйелі, жоспарлы, мақсатты жұмысы болып табылады. Оны ұйымдастыру жауапты теориялық және практикалық міндет, маңызды ғылыми проблема екендігіне талдау жасалды.

Шетел тілі (ШТ) бойынша білім алушылардың өзіндік жұмысын (ӨЖ) ұйымдастырудағы бар тәсілдері ӨЖ-тың сыныптан тыс түрлері дауыстап айтылып және жартылай деңгейдегі ӨЖ жеке түрі жиі пайдалануға, ӨЖ-ді басқаруды оқытушы немесе оқытатын бағдарламалар арқылы жүзеге асатындығы нақтылады. ШТ меңгеру бойынша өз жетістіктерін бағалаудың жалпы құралын меңгеруге, сондай-ақ өз білімдерімен іскерліктерін дамыту жолдарын анықтауға; төртіншіден, әрбір білім алушының ШТ меңгеруі бойынша жетістік деңгейін бағалау мүмкіндігін беруге және қажет болса өз оқытушылық әрекетіне түзетулер енгізуге, бесіншіден, бір адамның әлеуметтік мобильділігін қамтамасыз етуге бағытталғандығымен сипатталды.

Білім алушылардың өздігінен орындайтын жұмыстарын қамтамасыз ететін сабаққа және сабақтан тыс жұмыс формалары әдістемелерінің тиімділігін арттырады. Білім алушылардың өздігінен орындайтын жұмыстарын оңтайлы ұйымдастыру, болашақ мамандардың қоғам талабына сай біліктілігін жетілдіреді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Коменский Я.А. Мир чувственных вещей в картинках. –М., 1940
2. Ушинский К.Д. Избранные педагогическое сочинение –М., 1974. –Т. 2.
3. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалар. –Алматы, 1995. -228 б.
4. Есипов Б.П. Самостоятельная работа учащихся на уроке. –М., 1961. –С.234
1. Сабыров Т.С. Оқушы жастардың танымдық әрекетін арттырудағы оқытудың әдістері мен формаларының дидактикалық жүйесін тиімді қолдануға мұғалімдерді даярлаудың теориялық негіздері. –Алматы, 2006
2. Микельсон Р.Я. О самостоятельной работе учащихся на уроке. –М., 1961. –С.234
6. «Оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру» //Математика және Физика. - № 1.- 2002.- 10бет.
7. «Жекелеп оқытуда оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастырудың маңызы мен әдістемесі» //Ұлт тағылымы – № 3.- 2005.- 75бет.
8. «Оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру» //Бастауыш мектеп.- № 5.- 2001.- 14-15бет.
9. «Өзіндік жұмыстардың маңызы зор» //Қазақстан мектебі. - № 3.- 2004.- 18бет.
10. «Оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру» //Математика және Физика. - № 1.- 2002. - 10-11бет.
11. «Оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру» //Бастауыш мектеп. - № 8-9.- 1999. - 17-20бет.